



Олжас Бектенов PepsiCo компаниясының өңірдегі басшысымен кездесті

Олжас Бектенов PepsiCo компаниясының Ресей, Беларусь, Кавказ және Орталық Азия өңірі бойынша президенті Давид Манзинимен Алматы облысында зауыт салу мәселесін талқылады.

Жаңа PepsiCo зауыты Орталық Азиядағы ең ірі зауыт болады. 2024 жылғы маусымда өткен келіссөздер қорытындысы бойынша инвестиция көлемі \$160 млн болатыны жоспарланған. Картоп өңдеудің өндірістік қуаты мен көлемі үш есеге артып, 70 мың тоннадан 210 мың тоннаға дейін өседі. Бұл жылына шамамен 70 мың тонна дайын өнім шығарылады деген сөз. Кәсіпорында 900-ге жуық жұмыс орны ашылады.

«Біз жоғары өңделген дайын өнім шығаруға бағытталған осындай жобаларды толық қолдаймыз. Мемлекеттік органдар екі апта ішінде барлық қажетті шешімдерді қабылдайды», деді Олжас Бектенов.

Давид Манзини жобаның бірінші кезеңін іске қосу және қазақстандық өнімнің бірінші партиясын шығару 2026 жылдың наурыз айына жоспарланғанын, 2027 жыл-

дың қыркүйегінде зауыттың толық қуатқа шығуы жоспарланып отырғанын айтты.

Жоба аясында жергілікті шикізат пайдаланылып, картопты жеткізуге қазақстандық фермерлік шаруашылықтар тартылады.

«Біз Қазақстан билігі тарапынан көрсетілген қолдауды жоғары бағалаймыз. Шетелдік инвестор ретінде бізге қолайлы жағдайлар жасалған. Бүгінде жоғары әлеуетті көріп отырмыз, сондықтан Қазақстанға инвестиция көлемін екі есеге арттыру туралы шешім қабылдадық», деді Давид Манзини.

Кездесу нәтижесінде Сыртқы істер министрлігіне екі апта ішінде Қазақстан Үкіметі мен PepsiCo арасында Инвестициялар туралы келісім дайындау тапсырылды. Осы мерзімде Ауыл шаруашылығы министрлігі инвестор үшін барынша қолайлы жағдай жасау мақсатында Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіп кешені субъектісі шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына қажетті түзетулер енгізеді.



Мемлекет басшысы Мажарстан Премьер-министрімен келіссөз жүргізді

Қасым-Жомарт Тоқаев Виктор Орбанға ілтипат білдіріп, былтыр Будапешт қаласына жасаған мемлекеттік сапарын ықыласпен атап өтті. Оның аясында бірқатар стратегиялық маңызды келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысының айтуынша, нақты уағдаластықтарға қол жеткізу, сондай-ақ Астана мен Будапешт арасындағы өзара түсіністікті нығайту тұрғысынан аталған сапар нәтижелі болды.

Президент Түркі мемлекеттері ұйымының ертеңгі бейресми саммитінің маңызына тоқталып, еліміз ТМҰ қызметінің барлық бағыты бойынша сындарлы диалогты жалғастыруға бейіл екенін растады.

Виктор Орбан сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, қазақ-мажар қатынастарының орнықты әрі

қарқынды сипат алғанына назар аударды.

Мажарстан Премьер-министрі соңғы жылдары екіжақты ынтымақтастық, әсіресе, экономика саласында белсенді дамып келе жатқанын жеткізді.

Сонымен қатар саммитті ұйымдастыруға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

Кездесуде былтыр жоғары деңгейде өткен келіссөздердің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың, соның ішінде энергетика, сауда және инвестиция салаларындағы бірлескен жобалардың орындалу барысы талқыланды.

Бұдан бөлек, тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

«Қазақстан балалары» бірыңғай бағдарламасы әзірленіп жатыр



Президенттің тапсырмасы бойынша «Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасы жаңа оқу жылы басталғанға дейін дайын болмақ.

Аталған тапсырманың орындалу мәселесін Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов көтеріп, қандай жұмыстар атқарылып жатқаны туралы сұрады.

Үкіметтің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев бағдарламаны сапалы дайындау үшін тиісті мемлекеттік органдармен, сарапшылармен, сондай-ақ үкіметтік емес сектор өкілдерімен бірлесіп арнайы жұмыс тобы құрылғанын тілге тиек етті.

«Бүгінде жұмыс тобына көптеген ұсыныстар мен пікірлер келіп түсіп жатыр. Олардың негізінде қолжетімді білім беру, денсаулық сақтау және қауіпсіздікке қатысты бағдарламаның 7 негізгі бағыты айқындалды. Бұл бағытта жұмыс жалғасып жатыр. Оқу жылы басталғанға дейін бағдарлама дайындалады», деді министр.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қаржы министрі Мәди Такиев Қазақстандағы ХВҚ басшысымен кездесті

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Мәди Такиев Қазақстандағы Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) миссиясының басшысы Әли Әл-Эйдпен, сондай-ақ бас экономист Грегорио Импавидо және басқа да сарапшылармен кездесті.

Осы ретте аталған ұйымның Қазақстан билігімен консультациялық кеңес өткізу жөніндегі жыл сайынғы миссиясы ХВҚ Жарғысының IV бабына сәйкес жүзеге асырылатынын айта кетейік.

Мәди Төкешұлы қордың басшысына ұйымның келісім шеңберінде тұрақты миссиялар мен мақсатты кеңестерді өткізіп, мемлекеттік органдарға техникалық қолдау көрсеткені үшін ризашылығын жеткізді.

Кездесу барысында ортамерзімді кезеңге арналған экономикалық перспективалар мен 2025 жылға арналған бюджеттің атқарылуы туралы, ҚР Қаржы министрлігі қызметіндегі негізгі басымдыққа ие бағыттар жайлы талқыланды.



«Біздің мақсат – экономика-ның орнықты өсімі мен мемлекеттік қаржы жүйесін ашық түрде басқаруды қамтамасыз ету. ХВҚ мен басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту стратегиямыздың маңызды бағыты болып саналады. Алдымызда бюджет процесін цифрландыру мен жетілдіру бойынша ауқымды жұмыс тұр», деді ҚР Қаржы министрі.

Бұған қоса ведомство бас-

шысы бюджеттің есеп-қисабын автоматтандыру мен ашықтықты арттыру үшін тиісті платформаларды әрмен қарай дамыта түсу қажет екенін атап өтті.

Кездесудің соңында М.Такиев Қазақстан ХВҚ-мен өзара байланыстың стратегиялық сипатын жоғары бағалайтынын әрі екі жаққа да тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін айтты.

АЛТЫБАҚАН ӘУЕНІ-РУХАНИ КЕШКЕ ҰЛАСТЫ



Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде ұлттық өнеріміздің темірқазығына айналған «Алатау» дәстүрлі өнер театры ұжымы «Алтыбақан» ойын-сауық ән кешін қойып, көрерменге рухани әсер сыйлады.

Кешке ҚР еңбек сіңірген

қайраткері, әнші, тележүргізуші, театрдың даму мәселесі жөніндегі орынбасары Қаракөз Сүлейменова жетекшілік етті.

Шараның ашылуында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков өнер ұжымына ізгі тілегін арнап, ықылас гүлін табыста-

ды.

«Ұлттық өнер – халқымыздың рухани болмысы. Бүгінгі кеш соның жарқын дәлелі болмақ. Осындай игі шаралар ұрпақ санасына ұлттық рухты сіңіруде үлкен маңызға ие», – деді аудан басшысы.

Сахна төрінде сөз алған Қаракөз Асқарқызы-«Бұл сапар-тек өнер көрсету емес, туған жерге тағзым етіп, халықпен сырласу, рухани байланыс орнату десек, артық айтқандық емес», – деп туған жерге деген сағынышын тебіреніспен жеткізді.

Айта кетейік, «Алатау» дәстүрлі өнер театры – Орталық Азия кеңістігіндегі ұлттық өнер ордасы ретінде танылып, халқымыздың әншілік, күйшілік, жыршылық дәстүрін дәріптеп, төл өнерімізді заман талабына сай жаңғыртып келеді.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**



МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжіліс барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, ұлттық ауыл шаруашылығы санағының жүргізілуі, инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстардың барысы және бұған дейін берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалу жайы сынды мәселелер қаралды.

Аталған мәселелер бойынша аудандық статистика басқармасының басшысы Марат Бегалиев, экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ербол Аманов және аудан әкімі аппаратының басшысы Абдухат Бакиров тиісті ақпарат беріп, есептерін ұсынды.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібіндегі мәселелерге кеңінен тоқталып, нақты тапсырмалар жүктеді. Әсіресе, инфрақұрылымды дамыту саласында жұмыстарды үйлестіру, әр жобаның сапасы мен уақтылы орындалуына мұқият назар аудару қажеттігін айтып өтті.

«Инфрақұрылымды дамыту–бұл тек құрылыс жұмыстарын жүргізу ғана емес. Ең алдымен, қаржыны мақсатты әрі тиімді жұмсау, әр жобаның сапасына, тиімділігіне және уақтылы орындалуына мұқият көңіл бөлу қажет. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіріп, немқұрайлылыққа жол берілмеуі тиіс,» – деген аудан басшысы тапсырылған міндеттердің орындалуы тұрақты бақылауда болатынын ескертті.

ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Ауданда жылдағы дәстүрге сай шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жұмыстары басталды. Бүгінде Жартытөбе ауылдық округіне қарасты «Таскөмір-сай» маңындағы егістік алқабында 150 гектар, Құмкент ауылдық округіне қара-

арнайы барып, атқарылып жатқан жұмыстарды бақылауға алды. Жауаптыларға залалсыздандыру жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Айта кетейік, аталған аумақтарда өткен жылы саяқ шегіртке түрі тіркеліп, 930



сты Сарысу ауданымен шекаралас 100 гектар аумақта залалсыздандыру шаралары жүргізілді. Жалпы көлемі 850 гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді деп жоспарлануда. Аталған шараларға қажетті 8 техника жұмылдырылды.

Осы ретте бүгін аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков зиянкестермен күрес жұмыстары жүріп жатқан аумақтарға

гектар жер залалсыздандырылған болатын. Ал биыл алғаш рет Сарысу ауданымен шекаралас аумақта итальяндық шегіртке түрі анықталып отыр. Қазіргі таңда болжам орталығы мамандары зиянкестердің дернәсілдері анықталған аумақтарды тұрақты бақылауға алып, күрес шараларын жүргізіп жатыр.

Тіл - ең асыл құндылық

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау мақсатында «Тіл – ең асыл құндылық» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мемлекеттік тілдің этносаралық тіл ретіндегі рөлін күшейту, жастардың патриоттық сезімін оятып, тілін, Отанын, елін, жерін сүйге, салт-дәстүрін, тарихын құрметтеуге тәрбиелеуді мақсат тұтқан шараға зиялы қауым өкілдері, мәслихат депутаттары, тіл жанаашырлары мен тіл мамандары қатысты. Дөңгелек үстел барысында Қадыр Мырзалиевтің 90 жылдық, Ілияс Есенберлиннің 110 жылдық, Сәбит Мұқановтың 125 жылдық мерейтойына орай көркем әдебиеті, қаламгерлердің шығармаларын насихаттау бойынша өткізілген «Ұлт мақтаныштары» атты қашықтан эссе жазу байқауының жүлдегерлері марапатталды.

Іс-шараға қатысқан тіл мамандары бүгінгі жас ұрпақ-мемлекеттің болашағы, ертеңгі күннің азаматы. Ал, оның бақытқа жетер даңғыл жолы-туған Отанын, туған тілін сүйден басталады. Сондықтан ұлтшыл емес, ұлттық сана - сезімі мол, Отанын, ана тілін



өз анасынан кем сүймейтін азамат тәрбиелеу жолында мұндай шаралардың берері мол екенін атап өтті. Егеменді еліміздің тұғыры қашан да тілімен биік екеніне тоқталып, тіл тағдыры туралы көкейді тескен көп ойларымен бөлісті. Тіл-ұлттың басты белгісі. Тілі жойылса, ұлт та жойылады. Тілі дамыса, ұлт та кемелдене түседі. Сондықтан «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-сі тарапынан ұлттық құндылығымызды кеңінен насихаттайтын іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**Жібек НҰРМАХАН,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-нің қазақ тілі
оқытушысы.**

Жерлестеріміз Азия чемпионатының жүлдегері атанды



Гіршілеріміз тағы да жүлделі оралды. Нақтырақ айтсам, 2025 жылдың 15-19 мамыр аралығында Қырғызстан мемлекеті Бішкек қаласында бір спортшынан жасөспірімдер, жастар және ересектер арасында Азия чемпионаты өтті. Жарыс нәтижесі бойынша: Жастар арасында ұзын айналымнан 63 кг Мақсатұлы Бақыт 1-орын, кіші жасөспірімдер

арасында ұзын айналымнан 63 кг салмақта Қанат Нұрдаулет 3-орын, +68 кг салмақта Асылбек Әбілхан 2-орын, жасөспірімдер арасында Құдайберген Сырым 2-орын алды. Жарыстың екінші күнгі серпе көтеруден жастар арасында 73 кг салмақта серпе көтеруден Қабылбек Ержан 2-орын, жасөспірімдер арасында серпе көтеруден 68 кг сал-

мақта Тілеген Өскен 2-орын, кіші жасөспірімдер арасында 58 кг салмақта Мейрамбай Нышанай 3-орын, 63 кг салмақта Қанат Нұрдаулет 3-орын, осы салмақта Қоңыратбай Ерсайын 2-орын, жасөспірімдер арасында серпе көтеруден Құдайберген Сырым 2-орын иеленді. Жарыстың үшінші күні жұлқа көтеруден кіші жасөспірімдер арасында 63 кг салмақта Қасымхан Нұртас 3-орын, осы салмақта Ермекұлы Сұлтанбек 2-орын, жасөспірімдер арасында 58 кг салмақта Тамабай Мағжан 3-орын алды. Ендігі жерде жас жерлестерімізге Еуропа, Әлем чемпионаттарында да еліміздің көк байрағын желбіретіп, Қобыланды ағаларының жетістіктерін қайталай беріңдер дейміз!

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

«Адамның басы Алланың добы», жазмыш талай қызық жайттарға куә етеді. 2005 жылдың сәуірінің соңғы күндерінің бірі. Тамылжыған табиғат, Шу өзеніндегі кеден бекетін артқа тастаған көлігіміз зымырап, Қордайдың асуына қарай қайқайды. Әсем Алатаудың бөктерінен қазақтың маңқиған кең даласына көз жүгіртіп, оңаша ойға кеткен келеді. Арасында Ілия Жақановтың музыкатану эссесіндегі «Әселім» әнінің дәл осы жерде туғаны оралды.

Алайда, ойым ойпыл-тойпыл, әлденеге алағуылы. Тізіндегі жүргізуші серігім де үнсіз. Бәріне «айыпты» бізді қонақ етіп, келген басты ісімізді тап-тұйнақтай еткен Қадыралы Қонқобаев, қадімгі иісі түркіге аты мәшһүр түркологтың манағы айтқан сөзі: «Бұл Жеңіс Қарғабаев ақын қалай болса да, бақытты жан. Соғыс біткенде туып жарандарына қуаныш сыйлапты. Енді Алатау асып, Қырғызстанда

дағдарысқа енген шақта Жомарт досымыз екеуіміз Ерден Задаұлы құрған «Олжас Сүлейменовтің Ізгілік Академиясы» деп аталатын жеке құрылымға ауысып кеттік. Сонан бері жұбымыз жазылған жоқ, алыс-жақынға кетсек, бір-бірімізді ізеп тауып аламыз.

Көңілдің көк дөненін әрлі-берлі жосытып алған соң кітаптың межеленген тиражынан басқа Қадыралы ағай қолыма ұстатқан Жеңіс Қарғабаев ақынның жыр кітабының жалқы данасының бетін парақтай бастадым. Шолақ ғұмыр, шағын өмірбаян:

«Ақын Жеңіс Қарғабаев 1945 жылы 9 мамырда туған. Жеңіс күні дүниеге келгендіктен есімін Жеңіс деп азан шақырып қойылған»

Рас, күллі әлемді әлекке салған қарғыс атқыр соғыс біткен ұлы қуанышпен жарыса дүние есігін ашқан жанды ел-жұрт басынан құс ұшырмай еркелеткен шығар деп ойлап қоям. Қордай асуында қосылған

сыр шертетін Алаштың ұлтанды ордасы Созақты жырлайды. Созағын, Шаға өзенін, оның тоғайын, Мыңжылқыдағы атқан таңды жырға қосады, әрі жастық жалынмен, мөлдір пәк сезіммен әр сәттегі көңіл қосшына қарай жырлайды.

Ақын болу жүрек пен жанға салмақ, бірақ үлкен бақыт екендігі соң ол «өзге емес өзі айтады өз жайында», әр орбитада, әралуан пафос-та. Пәниге қонақ пенденің жаратқанның заңына мойынсұнғаннан басқа амалы жоқ екенін ақын ғана ашық сыртқа шығарып, қаттап кете алатындығымен өзгеше. «Жатыр мұнда менің әкем, Естіп үнін кетпенінің. Жамылып қыр қызғалдағын, Сағынышты көктемнің» деген ақын ата-анаға деген перзенттік сезімін, аңсарын, мұңын жаң толғанысын (Қайран әке момын едің қойдан да, Анашым-заңғар биігім, Тыңда анам, Кешір апа-өмір ана, Ана өмірінен үзінділер) өлеңдері етжүректі пендені толғанды

Томдарға кейде қадалып, Ақтарам асыл мұраны. Сонда да арман қиял шың, Келеді маған жеткізбей. Поэзия симфониясын, Тыңдаймын уақыт өткізбей».

Өмір жайлы көп толғанған Жеңіс ақын азамат, адам, ақын ретіндегі жауапкершілігін бек сезінгенін, тіпті оны өзіне серт ретінде тұтқаны байқалады оның жырларынан:

Өмір сан қилы болып аға берген, Жиырма бес осы арада баға бергін.

Иілсем морт сынамын болаттардай,

Бүгілсем сыр білдіріп «бала» дегін.

Сүрінсем, сүймеңдер, құла-тыңдар,

Қиналсам төзім беріп шыда-тыңдар.

Алдыма қойған мақсат-мұратым бар,

Сондықтан менен бәрін сұра-тыңдар?

Ақындар әулие жандар, періште

ЖАСТЫҚ, КӨКТЕМ ЖАРШЫСЫ

кітабы шығып, мұрасы еліне кетіп бара жатыр. Жақсы ырым» дегені. Барлық тиражды жеңіл автокөліктің бағажигіне сірестіріп салып алдық. Әжептәуір салмағы бар екен деді рулдегі Балташ ағам.

Қалай дегенмен, Ерден Задаұлы ағамыздың берген тапсырмасын абыроймен орындап қайтып бара жатқанымыз түріміз. Бастысы жан досымыз Жөкеңнің, онан бетер өзімізге ақылшы санайтын Зағипа анасына, қарындасы Гүлмираға да қуаныш сыйлайтын бір іс болатыны анық. Созақтан қоңыраулатып жатқан Мақсат құрдасым да қамсыз болмақ. Алматыға жеткен соң қуанышты хабарды бөлісуге асық сияқтымыз.

Қолыма ұстатқан бір данасын аударып-төңкерістіріп қараймын. Алмағайып тұста, кітап түгілі дәптер мен қалам қат кезде, тап-тұйнақтай етіп шығарылған, қағазы да мықты, дизайн, тұрпаты сол тұстағы таңдаулыларға тартады. Кітап кеміріп өскен басымыз, әрі досымыздың әкесінің жүрек үлгілін, жан дүниесін қаттаған жыр жолдарына үңілдім. Бірінен соң бірі магниттей тартып бара жатқандай.

Япырым-ай деймін, Созақтағы бір шайыр, қапалыста бақиға ерте аттанса да, тамаша жыры мен өнегесін ұрпақтары әспеттеп, енді кешікпей айтулы мерейтойға тарту еткелі отырғаны сүйсінерлік жайт. «Бала – артта қалған із» әрі ұрпақ жалғаушы, әрі жоқтаушы, адамзат керуенінің алғасүйері екенін аталарымыз әдемі өрнектегеніне шүкіршілік демесең.

Созақтан шыққан, тым ерте бақилық болған Жеңіс Қарғабаев ақынның аруағы қолдаған болар, мен сол аруақты жанның шығармашылығы себепкер болғаны, мен үшін сырттай таныс жандармен бетпе-бет жолыққаным да шүкірлік етіп келемін. Менің ұстасым мажар түркологы қыпшақтекті Мандоки Қоңырдың аузынан тастамайтын қырғыз профессоры Қадыралы ағай мен Жамила жеңгеміздің дастархандарынан дәм таттым. Кітапты басып шығаруға мұрындық болған Қадекең сол кезде «Қырғызстан» баспа концернінің басшысы еді. Бұрынырақ түркологиядағы елеулі еңбектерді шығарып дүйім жұрттың алғысын алған, Әсіресе, раритетке айналып үлгерген «Тюркские языки» атты ғылыми энциклопедияны шығарған, әрі Жомарт екеуімізге бір-біреу бұйырған құнды еңбек арқылы баспа үйінің аты мен заты таныс-тұғын. Жомартпен 1995 жылдан бірге істедік. Академия институттары тоқырап, қаржылық

радиодан Мұқағали жырлаған «Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген» әні сол заманның атмосфера-сын көз алдыма әкелді. «Әйтсе де шілдеханам тойланыпмай, Туып-пын жақсылықтың айғағындай» десе, «Көк пен жерді нұрыменен жуып күн, Жеңіс күні, Жеңіс күні туып-пын» деген ақын өз пешенесіне жазған жазмыштың сыйын асқақ жырлаған өлеңі пенденің өзгеше «тарихи миссиясының жауапкершілігін аңғартатындай. «Қара шаңырақ» өлеңінде

Уақыт мезгіл көшеді,

Мен де алға аттанам.

Әкелер өткен кешегі,

Жолдарға қарап бақ табам.

Білімі мен кәсібі өз алдына «1969 жылы Қазақстан Комсомолының ұйымдастыруымен өткен байқауында ақын Жеңіс Қарғабаев жазған «Ақиық» атты дастаны бас жүлдені иеленген» деген жолдар өлең еткізді. Япырым-ау, ауыздықпен алысқан ақындардың дәурені өрлеп тұрған «қазақ әдебиетінің алтын ғасырында» республикалық байқауда бас жүлдені алуы анау-мынау жанға бұйыратын бақ емес. Әдебиет пен поэзиядан хабардар өз басым неге білмеймін деймін. Тек 1973 жылы дүние салғаны туралы оқығанда, өзімді ақтағандай болдым. Жомартпен жолымыз түйіспесе білмей Жеңіс ақын туралы бейхабар күйде қалар ма едім?!

Япыр-ай деймін, Жомарт әкеден тым жас қалыпты ғой. Бірақ, оның бойында жасқаншақтың ешбір ізі жоқ, сырт көзге еркін, байсалды, өр. Бойдағы қан, үйдегі тәрбие, ананың даналығы кейбір күйреуік жандарға тән осал сипаттан мүлдем алшақ бұла етіп ержеткеніне іштей қуандым. Жомарт мақтаншақтыққа жоқ, біртоға мінезі арасында әжесі мен нағашылары туралы там-тұмдап сөз ететін. Жомарт Көкем дейтін нағашысы Рақан, алты алашқа аты мәшһүр академик кәдімгі Рахманқұл Бердібаевтың өнегесін сөз ететін.

Анасы десе «мамашка» деп жаны қалмайды. Жомарттың анасы Зағипа апамыз өте балажан, үйіне қонаққа бара қалсаң, құшағын жая қарсы алып, айналып-толғанып, бәйек болып құрақ ұшады. Бейнебір нағашының үйіне келгендей сезінесің. Алатауға бар, мейлің Шаңыраққа бар бір қалбынан танған емес. Тіпті кейде ол кісі істейтін мектеп кітапханасына барып, кітаптарды оқуға алып, шай ішіп, түстеніп қайтатыным әдетіміз де бар.

Жеңіс ақынның жыр жолдарынан туған жерге деген перзенттік сезім асты кенге, әрбір тау-тасы тарихтан

пай қоймайды.

Еменсіз, иілмеген, сынбаған,

Бұтағыңыз күн көтеріп барады.

... Сіз алып шынар шыңыраудан нәр алған.

Құлата алмай тынды сонау дауыл жыл.

Мен де сіздің дініізден жаралғам,

Сіз көтерген ауыл-бұл, Тында анам...

Ақынның қаламынан туған «Қыздар» өлеңі саф таза, бейнебір жапон хайку іспетті, эстетикалық тағлымы биік, дидактикаға лайық тамаша жыр!

Жеңіс ақынның жыры оның қысқа ғұмырының эпизодтары іспетті, тіпті оның өмірі мен шығармашылығына терең ден қойған жан болса, өлеңнің тууы мен ақынның психологиялық-эмоционалды жағдаятына хронологиялық тізбекті анықтауға, шығармашылық жолының ретін анықтауға мүмкін болатындай. Айталық, ол Жеңіс ақынның қызмет саласында туған өлеңдерінен болсын, армия қатарында қызмет еткендегі өлең мен прозалық шығармаларынан анық көзге ұрып тұр.

Ары парақтаймын. Жеңіс көкеміз пединститутты ағылшын, неміс тілдері пәндерінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген екен. Қандай тамаша, сол заман түгілі, бүгінгі алмағайып заман биігінен қарасақ, асқақ биікке көтерер, ел мен жерге септігі сол ұстаздықтың ішінде «төресін» игерген екен. Ұлт алдындағы азаматтың жауапкершілігін «Сәл көрмесем сағынышым от менің, Сәл көрмесем уақытым өтпеді. ... Мен жаспын ғой, «қариямын» класта, Ақылшымын ағайлаған кіл жасқа. Солар білсін, арманына жетсін!» деп, Бір қиындық жиып алам бір басқа» деп жырлаған ақын шәкірттеріне арнаған өлеңдерінде сол баяғы періште көңіл мен романтика, ел болашағына нық сенген тілеуқор үлкен жүректің үлгілін сеземіз. Бұл сол замандағы еңсесін көтерген қазақ қауымына тән күй, мамыражай заманның тіршілік ырғағын аңғарта-тындай. Бұл заманды көп суреткер жазды, алайда, ақындардың бақыты да сол, жүректен, ең бастысы қысқа да нұсқа жырлауымен одағай.

Ақын өзі туралы бүкпесіз жырлайды, «Ағаларға сыр» өлеңі өзіне берген «характеристика» іспетті. Көп ізденген, энтузиазм, құштарлық, өмірді һәм өнерді сүйу, іздену, жырлау оның өмірлік кредосы болғаны анық. «Ар-шыңым менің адалдық, Арада кімдер жүр еді.

көңілдері бәрін алдына ала сезіп-білетіндей. Бәлкім, Жеңіс ақынның қоштасу, бақұлдасу жыры есебіндегі жолдар болар. Әнге де сұранып тұрғандай.

Іздейсің мені алысқа қанат қаққанда,

Алдымнан сонау арманым сұлап жатқанда.

Жырлайсың тынбай ағыл да тегіл жыр етіп,

Жаныңа ылғи жалғыздық мұңы батқанда...

Ой мен мұңға батқан толғаныспен Алматыға қалай жеткенімізді де байқамай қалғандаймыз... Созақтан қуанышпен оралған Жомарт ел болып «әке рухын ардақтап» арқадан бір парыз түскенін естіп біз де бек қуандық, ақын рухын ұлықтаған дастарханынан сарқыт, жиыннан тәбарік алып, көңіліміз одан бетер тоғайды...

Уақыт тегершігі алға озған, сонан бері екі он жыл өтіпті. Елдің мерейін асырар Жеңіс Қарғабаевтай ақындардың жыры әредік емес, ұдайы елдің назарында әспеттелсе екен. Бастысы—«Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген». Бейбіт күнде жан-дүиесіне ажал құрғы түспесін, ақын жырлағандай «біз лағнет айтамыз уақыттан бұрын келген ажалға»...

Кейін Жеңіс ақынның рухына бағыштаған талай келелі шара өткенін, жылы лебіздер мен құнды естеліктер жарық көргеніне куә болдық. Қалай дегенмен, ел ардақтаған өмірді шексіз сүйген, балауса жырымен өзінің де, замандастарын да мәңгілік жырына қосқан ақынның жүрегінен туған мына жолдар оның аңсар-мұратының бір бағдары сынды.

Өтеді уақыт, өмір алға ұмтылар, Адамдар-ай, тірлік құмар, жыр құмар!

Дүниеге келсе біреу шырылдап, Біреулердің үміт жібі қырқылар.

Сонда да оны жатпайды ешкім жатсынып,

Алтын дүние алдан шықса шат күліп.

Қарт емендер мезгілі етіп құласа, Тамырынан бүр ашады жас шыбық.

Қасиетті қарт Созақтың топырағы әлі талай тумалы таланттар мен ерлерді тудырады және олардың бойында Жеңіс ақынның шуақты жырларының сорабы ұдайы аңқып тұратынына сенемін.

**Бабақұмар ХИНАЯТ,
Дебрецен университетінің
қызметкері,
Мажарстан.**

Абай мұрасы тәрбие мұраты

(Соңы. Басы өткен санда).

II Абайдың имани тәлім-тәрбие алған ортасы

Желісін ғасырларда жел үзбеген,

Тарих пен тағылымды егіз көрем.

Кешегі Кенесары тұлпарына,
Доңыздың басқан шөбін жегізбеген.

Тектілік үлгісіндей Зере әжемиз,
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.

Атаның бойындағы таза-лықпен,

Абай туды тектілік негізбенен,- деп орақ ауыз, от тілді ақындарымыз жырлағандай Абайдың ақын, ғалама-ғалым, тіптен хакім болуына септігін тигізген оның айналасындағылар еді. Абай атамның өз сөзімен айтар болсақ, адамның-адам болып қалыптасуына үш нәрсе негіз болады.

Олар: 1.Жақсы ата-ана, 2. Жақсы ұстаз, 3. Жақсы орта

Жақсы ата

Абайдың әкесі Құнанбай қажы Өскенбайұлы Шыңғыстаудың етегін жайлаған Тобықты руының басшысы «аға сұлтан» дәрежесіне дейін көтерілген қоғам қайраткері еді. Әкесі Өскенбай Ырғызбай ұлынан басталатын ел билеу ісін Құнанбай қажының әулеті кеңес өкіметі орнағанға дейін, 150 жыл бойы жалғастырып келді. Құнанбай әуелі шағын ауылды, кейіннен болыс басқарушысы болып бүкіл Тобықты еліне билік етті. Келе-келе ауданды басқарып, даланың беделді де білікті адамдардың біріне айналды. 1846 жылы Ресейлік патша өкіметінің қазақ даласындағы мал-жан санағы, жер-су, өзен-өлкені картаға түсіру мақсатымен арнайы ұйымдастырылған экспедициясы Семей өңіріне ат басын тіреді. Экспедиция құрамына Вишневский, Иващенко және Адольф Янушкевич секілді «батыс-сібір әскери губернаторлығы» кеңесінің шенді адамдары кірді. Бұл экспедицияға жасы 40-тан өнді ғана асқан ел әкімі Құнанбай қажы Өскенбайұлы жол-басшылық етті. Олармен жүрген бірнеше айдың ішінде Құнанбайдың іскерлігімен кісілігіне риза болған Янушкевич өз күнделіктерінде: «Құнанбай би Барақ сұлтаннан бірекі жас үлкен. Бұл да бүкіл елге әйгілі адам. Қарапайым халықтан шыққан Құнанбай жаратылысынан ақыл-парасат дарыған, керемет зерек, қара тілге шешен, байыпты, тыңғылықты кісі. Халқының қамын ойлайды, оған жақсылық жасасам дейді. Елінің ежелден келе жатқан жол-жобасына, қасиетті құранда жазылған шарият жолына аса жүйрік, Ресей өкіметінің қырғыздар жөніндегі заң ережелеріне өте жетік, қара қылды қақ жарған әділ де адал азамат». Сөздің соңын Янушкевич былай деп қорытады: «Барақ сұлтанның қасында өзге ақсүйектерді сұлтан деуге болмайды, ал, бай атаулы Құнанбайдың ұлтанына татымайды».

Бұл ұлты да, діні де бөтен адамның Абайдың әкесі Құнанбай қажыға азғантай уақыт ішінде танып-біліп, берген бағасы еді.

Әкесі жөнінде Абайдың өзі ұлы Әбдірахман өліміне жұбату ретінде жазған өлеңінде былай дейді:

Арғы атасы қажы еді,
Жарықтықтың өнері,
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан,
Қозғапты, тыныштық бермепті.
Мал түгіл жанға мырза еді,



Әр қиынға сермепті.
Мұңлы шерлі жоқ жітік,
Аңсап алдын бермепті.
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрмепті.
Әділ мырза, ер болып.
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп,
Тентекті тыйып жерлепті.
Ол сыпатты қазақтан,
Дүниеге ешкім келмепті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңіл бөлмепті.
Жарлығына Алланың,
Ерте ойлаған көнбекті.
Мұқым қазақ баласы,
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты.
Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына,
Малды аямай бұлапты.

Өз заманында қазақ баласы үшін медресе ашқызып, мешіт салдырып, қажыға барып, сонда барғандарға арнайы қонақ үй соқтырған. Және егін салдырып, сауда ісінен хабары болған. Құнанбай қажы қазақ даласында өркениеттің негізін қалыптастырушылардың бірі болды. Құнанбайдың дәл осындай өнегелі істері хакім Абайдың:

Ол сыпатты қазақтан,
Дүниеге ешкім келмепті-деп жазуына толық негіз болса керек-ті. Құнанбай қажы Пайғамбар сүннәті бойынша төрт әйелді некесіне алды. Олар Әйбөбек (күңке), Ұлжан, Айғыз, Нұрғаным.

Әйбөбектен Құдайберді-Шәкәрімнің әкесі. Ұлжаннан-Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан. Айғыздан-Халилұлла, Смағұл, Кәмшат. Нұрғанымнан бала жоқ.

Сонымен қатар балаларына да сүннетке сәйкес азан шақырып, мұсылманша ат берді.

Мысалы: «Құдайберді, Тәңірберді, Ибраһим, Ысқақ, Оспан, Халилұлла, Смағұл (Исмайл)»-деп.

Балаларының екі дүниелік бақытын ойлаған ардақты әке Құнанбай қажы Ғабитхан секілді татар молдаларын жалдап, балаларына мұсылманша білім, тәрбие берді.

Жақсы ана

Абайдың анасы Ұлжан Құнанбай қажының екінші әйелі. Арғы атасы орта жүз қаракесектен тарайтын шаншардың Нұрбике әйелінен туған Бертіс биден: «Мәшке, Битен, Шитен деген немерелері өрбиді. Битеннен-Тұрпан, Тұрпаннан-Ұлжан туы-

лады. Ұлжан-өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр, шешен кісі болған. Өзінің ізгі жүрегімен, үлкенге қамқор кішіге пана бола білген Ұлжандай абзал ананың асыл қасиеттерін Абай кішкентайынан бойына сіңіріп өсті.

Анасы сүйікті ұлын «Телқара»-деп еркелететін.

Жақсы ұстаз

Абай (Ибраһим) ауыл молдасынан мұсылманша хат таныды. Кейін өсе, келе, 19 ғасырдың басында Семей қаласындағы «Ахмет риза» медресесінен 3 жылдық білім алып шықты. Ұстазы Абдужаппар сияқты ескіше білімі бар татар молдалары еді. Медресе негізінен діни сабақтар мен қатар, Абай шығыстың классик ақындарының шығармаларымен, Араб-парсы тілдерімен танысып, арифметика, жағрафия және тарих пәндерінен дәріс алды. Абайдың саналы ғұмырында алған бар білімі, Абай білімінің іргетасы, осы медресе қаланды.

Жақсы орта

Тектілік үлгісіндей Зере әжемиз,
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.
Атаның бойындағы тазалықтан,
Абай туды тектілік негізбенен,- деп ақындарымыз Зере әжемізге құрметке лайықты бағасын берді. Абайдың ұлы шешесі (әжесі) Зере-Өскенбай бидің бәйбішесі, Құнанбай қажының анасы. Азан шақырып қойған аты-Тоқбала. Әкесі Бектемір Найман ішіндегі Матайдың Қойгел руынан шыққан сыйлы адам. Зерені-Ырғыз тұқымдары ауыл адамдары «кәрі әже» деп атапты.

Зере немерелерінің ішінде Ибраһимді алабөтен жақсы көрген.

Ибраһимді әжесі ес білгенге дейін өзінің қойнынаалып жатқызып, еркелете еркіндете өсірген. Ақылды, зейінді, жұмсақ мінезді Зере әже немересіне «Абай» деп аяулы ат қояды. Зере әжеміздің бес уақыт намазын үзбей оқуы, баласы Құнанбайды дәретсіз емізбеуі, немерелерін жастайынан имандылыққа, құран оқуға тәрбиелеуі Абай өмірі мен шығармашылығы үшін үлкен ықпал болды.

Сонымен қатар, Абай өмірі үшін әуелі ауыл молдасынан, кейін Семейдегі «Ахмет Риза» медресесінбірге оқыған достарының, өзі секілді мұриттердің де әсері, ықпалы мол болды. Негізінен Абайдың ақын, ғалама хакім болуына ықпалды ортаны екіге бөліп қарастырған жөн. Олар: Әуелі жаратушы иесінің алдындақұлдық міндетін аса бір тақуалықпенөтеуші діндар әкесі Құнанбай қажы мен әжесі Зере, анасы Ұлжан, достары, яғни медресе мұриттері мен Ғабитхан секілді ауыл молдалары болса, Абайға ықпал еткен ортаның тағы бірі оның рухани ұстаздары болды. Олардың өзін екіге бөліп қарастыруға болады: Шығыс және Батыс классик ақындары мен ойшылдары деп.

Абай жастайынан, хат жазып хәріп таныған уақытынан бастап шығыс ойшылдары мен классик ақындарының шығармаларынан сусындады.

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси.
Қожа Хафиз-бу хаммаәси

Медет бер я шағрифариад, -деп ақын Абай ең алғашқы туындысын шығыс жұлдыздарына арнап, солардан рухани күш алады. Сонымен қатар гректің ойшылдары Сократ пен Аристотельдің шығармалары мен танысады. Бұл екеуі, бірі логи-

ка ғылымының, екіншісі- әңгімелесу, пікір алысу арқылы ақиқатқа жетудің жолын ашып, диалектиканың негізін салушы ғалама ойшылдар.

Ал енді, Батыстың классик ақын-жазушыларына келер болсақ, неміс халқының сүйікті ақыны, неміс әдебиетінің негізін қалыптастырушылардың бірі, ойшыл-жаратылыстанушы Гете Иоганн Вольфганг, орыс халқының данышпан ақын-жазушылары: Пушкин, Толстой, Лермонтов т.б. еді. Бұл жоғарыда аты аталған ғалама ойшылдар мен ақын жазушылардың барлығы да құдайшыл, діншіл адамдар еді. Бұған дәлел олардың өз шығармаларында «Жаратушы, Пайғамбар, құран, дін, адам жаны, дүние және ақирет, этикет» т.с. өзекті тақырыптарға көбірек тоқталып және өмірлік естеліктерінде ислам дінінің ерекшеліктері мен артықшылықтарын мойындап өздерін де мұсылман дінінде деп есептеуді өтініп сұраулары еді.

Міне бұл аталып өткен орталар, негіздер Абайдың әуелі жақсы адам болып, кейін ақын, ғалама-ғалым, данышпан, діндар, халқын ерекше сүйетін адал перзент болып қалыптасуына орасан зор ықпал етті.

Қазіргі қазақ қоғамында біліп-білмей дін менен дәстүрді мансұқтап жүргендер бар. Әрине, бұл мансұқтап жүргендердің өздері білместен сыртқы күштердің сұрқия саясаттарының құрбаны болып жүргені бесенеден белгілі. Дегенмен, бірін моральдық тұрғыдан, бірін материалдық тұрғыдан улап қойғандары сондай, әр екеуі де көдімгі, өз діттегінен қайтпайтын зомбилар ғой. Жарайды ғой, бұл екеуінің жағдайы түсінікті. Мені мазалайтыны, қоғамымыздағы қайсыбір, көзі ашық-көкірегі ояу деген азамат-азаматшаларымыздың осы екі зомбилар тобының пікіріне ортақтасып, екіге жарылып, бір-бірімен айтыс-тартысқа түсуі еді. Әйтпесе, кешегі кеңес заманына дейін де кейін де қазақ қоғамы бүгінгідей тілге, дін менен дәстүрге, саяси көзқарастарға қатысты қайшылықтарға түспеген еді ғой. Демек, ұлан ғайыр, асты менен үсті пайдалы қазбаларға, байлыққа толы бос жатқан жерлеріміз жау шақырып жатқаны рас. Бұған дәлел көрші отырған империалистік пиғылдағы елдердің арақидік, елімізде тіл менен жерімізге, тәуелсіздігімізге қатысты шовинист саясаткер, қоғам қайраткерлерінің ауызымен арам пиғылдарын білдіріп қойып жүр. Тіпті, Ресей Украинадан соң, Қазақстанға басып кіреді-міс-деген үрейді қазақ қоғамына салып жүрген де солар. Мақсаттары, осындай қорқытып-үркіту арқылы қоғамды басып, өздеріне оңтайлы саяси ахуалды өз мүдделеріне жарату. Міне, осындай сұрқия саясаттың құрбаны болып кетпеуіміз үшін, хакім Абай бастап, Алаш зиялылары қостаған ұлт көсемдерінің, жана-шырларының мұрасына сүйеніп, ұлт ретінде жойылып кетудің алдын алуымыз әбден қажет. Бұл ретте, «адамзат баласының екіншіұстазы» атанған Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың «Ел боламын десең бегіңді түзе» деген даналығын басшылыққа алып, хакім Абайдың жоғарыдағы:

«Адам ұғлының жақсы болмағы мына ортаға: Жақсы ата-ана; Жақсы ұстаз; Жақсы құрбы-құрдасқа байлаулы деген тұжырымдамасын негіз етіп, ұлт көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтың: «Біздің қазаққа тірі қалу керек, тірі қалуы үшін ірі болуы керек. Ал, ірі болуға әуелі білімді, кейін бай әрі ауызбіршілікті болуға қажет» деген байламын өмірімізге темірқазық етіп алсақ ұтылмаймыз.

Данияр БЕК.

Діни сауаттылық

Дүниежүзінде 200 ден астам мемлекет бар. Соның ішінде, 113 мемлекет өзін зайырлы ел деп жариялаған. Зайырлы мемлекеттің ішінде Қазақстан еліде бар. Конституцияның 1-бабында ҚР өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады. Сонымен қатар, Ата заңымызда әрбір адамның діни сенім бостандығына көпідік береді және конфессиялық, этникалық және басқа да белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады. Дегенменде, дін мемлекеттен бейтарап саналғанымен, дін мемлекет тіректерінің бірі – рухани тірегі болып қала береді. Елімізде кейбір жат ағым өкілдері әлеуметтік желіде оңды-солды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп жатқандығы белгілі. Сондай-ақ, ата-бабамыздан мирас болып қалған дәстүрлі ислам дінінде қарсы насихаттар жүргізілуде. Осы орайда, ұлтымыздың келешек болмысына, ата дініміздің бекіп өркендеуіне кері әсерін тигізіп жатқандығы ақиқат.

Жат ағымның жетегіне кетпес үшін не істеген дұрыс. Адам өзінің діни сауаттылығын арттыру арқылы қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасы қалыптасып, кемелдену қажылысы жүзеге асады. Сондықтан діни сауаттылығы бар адам кезкелген жат ағымның немесе дәстүрлі ислам дінінің қайшы көзқарасына алданбайтыны ақиқат.

Ендігі кезекте қандайда бір жат ағымның жетегіне кетпес үшін мына дүниелерге назар аударған жөн. Біріншіден жастардың діни сауаттылығын арттыру және отбасында бала тәрбиесіне көңіл бөлу қажет. Сонымен қатар, үлкен ақсақал мен әжелердің қазақ дәстүрлерін үнемі дәріптеп отса нұр үстіне нұр болары анық. Сол кезде, қандайда бір ағымның жетегіне немесе дәстүрлі ислам дініне қарсы насихат жүргізбесі анық.

Қазіргі уақытта проблемалар қатарында дін жолында жүрген адасушылар өз алдына бір топты құрап жатыр. Көпшілігі дінге жақсы жолмен келгенімен үйретуші адам дұрыс болмай, өзге ағымның жетегіне кетуі оңай болып жатыр. Елімізде сунниттік бағыттағы Ханафи мазхабы мен Матуруды

ақидасын ұстанады. Бұл мазхаб ата-бабамыздан ұстанып келе жатқан мазхаб әрі қазақ халқының дәстүрімен сабақтасып жатыр. Қазақ жерінде дәстүрлі ислам ұлттық мәдениетіміздің қалыптасуына зор үлес қосып, халықтың күнделікті салт-дәстүріне терең сіңіп кеткен.

Жоғарыда келтіргендей бірінші жастардың діни сауаттылығына баса назар аударғанымыз жөн. Осы орайда, жастардың діни білім алам деуші талапкерлерге біршама жағдайлар жасалған. Мәселен, Нұр-Мұбарак ислам мәдениеті жоғарғы оқу орны бар. Одан бөлек, еліміздің әр өңірінде 9 медресеколледжіде діни әрі зайырлы сипатта оқытып жатыр. Жоғарғы немесе арнаулы діни оқу орындарында оқуы мүмкін болмаса, жергілікті мешіттердің жанынан сауат ашу курстары жұмыс істеуде. Еліміздің кейбір жоғарғы оқу орындарында дінтану, исламтану мамандықтарына арнайы гранттар бөлінген. Сонымен қатар, бакалавр, магистратура, докторантура деңгейінде білім алуға жағдайлар жасалған. Отандық дін мамандары мен зерттеушілер де дін бағытында үздіксіз жұмыстар жасап, кітаптар жазып шығуда. Бұлардың барлығы дінге қызыққан жастардың толықтай білім алып, теріс ағымға қосылып кетпеуіне ыңғайлы жағдай жасау.

Қорыта келе, діни сауаттылыққа баса назар аударып, теріс ағым өкілдерінің алдын алу үшін түрлі мақсатта жұмыстар атқару керек. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай қазақ халқының дәстүрін әрдайым дәріптеп, отбасылық тәрбиеге көңіл бөлгеніміз жөн. Діни сауаттылыққа күш салып, дінге қызыққан жастарды еліміздегі діни оқу орындарында оқытқанымыз абзал. Еліміздегі барлық жастардың діни сауаттылығын арттырған кезде ғана ешқандай діни ағымның жетегіне кетпейтіні анық.

Н.ӘМЗЕЕВ,

«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру» бөлімінің маманы.

Қоғамдық бірлік пен толеранттылықтың маңызы

Біз қазіргі таңда әлемдік аренадағы түрлі өзгерістерге куә болудамыз. Әсіресе жаһандану үдерісіндегі адамзаттың қол жеткізген жетістіктері ерекше. Ғылыми техникалық прогресс, экономикалық даму, ақпараттық жаңа технологиялардың артықшылықтары және тағы басқа да игіліктер адам баласына мол мүмкіндіктер беруде. Алайда, мұның барлығы адамзаттың тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызып келешекке деген сенімді нығайта түсетіндей көрінеді. Шын мәнінде солай ма? Нақты жауап беру қиын. Өйткені әлемде көптеген игілікті істер атқарылып, даму үдерістері жүріп жатыр. Сондай-ақ, адами құндылықтарға баса назар аударылып отырғанына қарамастан қауіп-қатер де белең алуда. Нақтылай айтқанда өркениетке қадам басқан бүгінгі әлемнің түкпір-түкпірінде дау-дамай, жанжал, соғыс ошақтары баршылық. Мемлекетаралық, дінаралық дүрдараздықтар, экстремистік, лаңкестік топтар тарапынан болып жатқан қысым, адам құқығын таптау секілді келеңсіздіктер тыйылар емес. Бұл арада әлемдегі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мәселелердің де біздің болашағымызға, тіпті, бүкіл адамзат өркениетіне қауіп төндіріп тұрғанын айтпай өтуге болмайды. Ол өз кезегінде адами, рухани құндылықтарға да кері әсерін тигізбей қоймайды. Осынау сын қатерлерге лайықты жауап қайтару үшін адамзат толеранттылыққа, төзімділікке, өзара келісімге басымдық беріп, адамгершілікке жүгінуі тиіс.

Қоғамдық бірлік пен толеранттылық– қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін аса маңызды. Олар адамдар арасында түсіністік, сыйластық және ынтымақтас-тықты қалыптастырады.

1. «Әлеуметтік тұрақтылық»: Бірлік пен толеранттылық қоғамдағы түрлі мәдениеттер мен көзқарастарды қабылдауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде әлеуметтік шиеленістердің алдын алады.

2. «Экономикалық даму»: Бірлікте жұмыс істейтін қоғамдар экономикалық тұрғыдан мықты болады, себебі олар бірігіп, ортақ

мақсаттарға жету үшін күш жұмсайды.

3. «Мәдени алмасу»: Толеранттылық түрлі мәдениеттердің араласуына ықпал етеді, бұл қоғамның мәдени байлығын арттырады.

4. «Жеке даму»: Адамдар арасында сыйластық пен түсіністік болған кезде, олар өз пікірлерін еркін білдіріп, жеке дамуына мүмкіндік алады.

5. «Демократиялық процестер»: Толерантты қоғамда демократиялық құндылықтар мен құқықтар сақталатындықтан, азаматтар өз пікірлерін білдіруге және қоғамды дамытуға белсенді қатысады.

Осылайша, қоғамдық бірлік пен толеранттылық – қоғамның гармониялық дамуының негізі.

Бірлік, бейбітшілік ұғымы қай қоғамда болмасын өте өзекті. Адам баласы ежелден тыныш, бейбіт өмір жолында күресіп, ұрпағының жақсы заманда өмір сүруін армандап, сол жолда күш-жігерін сарп етіп келеді. Тарих күнделігінің парақтарын ақтара отырып, сонау ерлеріміздің бес қаруын бойынан тастамай, ер жастанып, ат үстінен түспеген күндері мен өткен ғасырдың алып оқиғасы – Ұлы Отан соғысының бейбітшіліктің қадірін ұғындырып кеткенін түсіну қиын емес.

«Бірлігі мықты ел озады, бірлігі жоқ ел тозады», – демекші тарихы бай, халқы ке-меңгер, құшағы кең еліміздің болашаққа қарыштап жасау жолында бірлігіміз мызғымас берік болуы керек. Ол үшін әрбір адам өз бойын жат пиғыл, арам ниеттен аулақ салып, айналасымен ізгі қарым-қатынаста болып, достық көпірін мықты етіп қаласа болғаны. Тұрғындары бір-біріне мейіріммен қарап, достықтың, адамгершіліктің, сыйластық пен бірліктің нағыз үлгісін көрсететін елдің іргесі мызғымайды, керісінше беки түседі. Тіршілік жәрмеңкесіндегі тірлігіміздің оңға басуы – бейбіт өмірдің көрсеткіші.

Б.АБДРАХМАН,

Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ - нің теолог маманы.

2024-2025 оқу жылының дәстүрлі түрде 34 аптаға созылатын оқу жылы аяқталуға жақын. Ресми мәліметке сәйкес еліміз бойынша биылғы оқу жылын 3,9 миллионнан астам оқушы қорытындылайды. Екі жүз он жеті мыңнан астам он бірінші сынып оқушысы мектеп бітіреді. Осылайша барлығы бір саласының болашақ маманына айналады. Екі жүз он жеті мың түлектің ішінде елімізде тапшы сала дін саласының да болашақ мамандары бары

мәдениеті университеті елдің белді діни оқу ордасына айналып үлгерді. Сондай-ақ, 2021 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Теология» факультеті ашылып, онда теология, исламтану және дінтану саласында сапалы мамандарды даярлап келеді.

Сонымен қатар, зайырлы білім берудің бөлігі ретінде еліміздегі жоғары оқу орнында әл-Фараби атындағы Қаз-

Діни оқу орнын дұрыс таңда жас түлек

мүмкін. 2024 жылы дінтану теология саласына мемлекет тарапынан 270 грант бөлініпті. Биыл да біршама грант бөлінетіні белгілі. Бірақ сол жастарға діни оқу орнын дұрыс таңдаса екен дейміз. Себебі діни ахуал күрделі болып тұрған заманда кім көрінгеннің сабағына қатысу өз өміріңе балта шабумен тең іс. Елімізде түрлі діни жамағаттар бар. Қайырымдылық қоры есебінде ашылып ішінде заңсыз діни дәрістер өткізіліп жатқандары да баршылық.

Бұл діни жамағаттарға ортақ бір нәрсе бар. Ол жастарға жатын жер мен ыстық тамақтың тегін болуы. Кезкелген студент үшін басты мәселе оқу орнынан жатақхана алу. Орын саны барлығына жетпесі анық. Ал қол жеткізе алмаған студенттер қайда бармақ. Жоғарыда жазған діни жамағаттардың жатын жерін паналайтындығы белгілі. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты «исламтану» мамандығы бойынша 3 жыл білім беретін 9 медресе колледж жұмыс істеп тұр: «Сарыағаш» медресе-колледжі, «Шымкент» медресе-колледжі, «Астана» медресе-колледжі, «Әбу Бәкір Сыддық» медресе-колледжі, «Нибаттулла Тарази» медресе-колледжі, «Үшқоңыр» медресе-колледжі, «Әбу Ханифа» медресе-колледжі, «Орал» медресе-колледжі, «Ақтөбе» медресе-колледждері бар.

Шетелдегі діни білім беретін ұйымдармен тәжірибе алмасып, тығыз жұмыс жасайды. Бұл колледжді бітіру арқылы дін саласының маманы деген арнайы куәлік алып шығуға болады және еліміздегі кез-келген мешітте имам қызметін атқара алады. Еліміздің азаматтары мен кәсіпкерлері өзіміздің муфтиятқа қарасты медреселерді қаржыландырамын жөн болар еді. Сондай-ақ дінді ғылыми-академиялық тұрғыда зерттеп тануға да баса мән берілген. Елімізде дін саласындағы мамандарды дайындау мақсатында ЖОО-лар ашылып өз деңгейінде жұмыс жасап жатыр. Тек бакалавр ғана емес магистратура мен докторантура деңгейінде білім беретін жоғары оқу орындары бар. Қазіргі таңда Қазақстанда теологиялық білім беретін оқу ордалары мен сауатты мамандар жеткілікті. Олардың саны да, сапасы да артып келеді. Алғаш құрылған 2000 жылдан қазіргі кезге дейін Нұр Мұбарак Египет ислам

ҰУ мен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ және Ө.Жәнібеков атындағы Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті дінтанушы мамандар әзірлеуде. Бұл университеттерде жоғары білікті мамандар, профессор дәрежесін алған ғалымдар, докторлар мен магистрлер аз емес. Олар «Дінтану», «Исламтану», «Теология» мамандықтары бойынша оқытады. Ал елімізде емес шетелде оқимын деген талапкерлер үшін де елімізде қолайлы жағдай қарастырылған.

Студент үшін бірінші мәселе жатақхана. 2024 жылғы мәлімет бойынша елімізде 264 жатақхана бар. Орын саны 93 мыңнан асады. Әрине барлығына бірдей жетпесе де ішінара қол жеткізуге болады. Президенттің тапсырмасы аясында 2026 жылға дейін бүкіл ел бойынша студенттік жатақханаларда 30 мың орын ұйымдастыру жоспарланып отыр. Республикада жыл соңына дейін 10 мың орынға есептелген тағы 26 жатақхана пайдалануға беріледі.

Шетелде діни білімін жалғастыру мақсатында таңдалған бірнеше теологиялық оқу орындарын ұсына аламыз. Олар, Египет Араб Республикасы Каир қаласындағы– «Әл-Азхар» университеті, Түркия Республикасы, Стамбул қаласындағы – Стамбул университеті, Мармара университеті, Хасеки институты, Анкара қаласындағы – Анкара университеті, Кония қаласындағы–Сөлжук университеті, Малайзиядағы–Малайзия Халықаралық ислам университеті, Ресей Федерациясындағы–Мәскеу ислам университеті, Ресей Ислам институты және Өзбекстан Республикасындағы – Ташкент ислам университеті.

Қорытындылай келе айтпағымыз дін ұстай алмай қасиетің, ұстай алмасаң қасиетің дегендей дінді тек қана сенімді оқу орындарынан алған дұрыс. Көрінгеннің өтегінен ұстап, көлденең көк аттының артынан еріп көзді еріксіз жұма салып үйренуге болмайтындығын қазір көріп жүрміз. Ал дінді көшедегі жолаушыдан үйренген соң ақыр опық жеумен аяқталмақ. Сол үшін де еліміздің азаматтары саналы түрде ойланып шешім қабылдауы керек.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

ПРОВОДИТСЯ КОНКУРС ПО ПЕРЕДАЧЕ В АРЕНДУ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИ ПО СОЗАКСКОМУ РАЙОНУ

В соответствии со статьей 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 14 июля 2025 года, 10-00 часов село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №14, здание аппарата акима Созакского района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 23 июня 2025 года до 11 июля 2025 года (заканчивается 11.07.2025 год 18-00 часов) село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №14, 1-этаж, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала “электронного правительства”.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись “Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства” и “Не вскрывать до 14.07.2025 года до 10-00 часов”. (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии 14.07.2025 года.

СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын Ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2025 жылы 14шілде сағ 10 - де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №14 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2025 жылдың23маусымынан – 11шілдесіне дейін (11.07.2025 жыл сағ: 1800 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №14 үй, 1-қабат «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсынысты, “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде “Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс” және 14.07.2025 жылғы сағ 10.00-ге дейін ашуға болмайды” (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 14.07.2025 жыл.

2025 жылы 3-ші конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің тізімі

Қ/с	Айы, күні, жылы	Аты-жөні	Сұралып отырған жердің орналасқан жері	Жалпы көлемі, га	Алқап түрі
1	07.09.2020 №ЖТ-Ж-462	Жақыпов Зябыдын Дадаханович	Созақ	6	Суармалы егістік
2	№1163 26.02.2021жыл	Созақ а/о Ұсыныс Утенбаев Шерзод Фурхатович	Созақ	500	Жайылым
3	07.09.2020 №ЖТ-Ж-462	Жақыпов Зябыдын Дадаханович	Қаратау	1000	Жайылым
4	№1764 30.03.2021 жыл	Қаратау а/о Ұсыныс Мырзакерімова Гүлжамал	Шолаққорған	184	Жайылым
5	№2290 23.04.2021 жыл	Шолаққорған а/о Ұсыныс Рахашов Арман Рахашович	Созақ	673	Жайылым
6	№ЖТ-Б-16 22.06.2021 жыл	Боқанов Бауыржан Төлешұлы	Қаратау	200	Жайылым
7	ЖТ-Қ-52 11.08.2021 жыл	Куанышбаева Жансулу Айтбаевна	Шу	1200	Жайылым
8	23.11.2022 ж	Сейдахметов Асқар Шалаказакөвич	Құмкент	3	Егістік
9	20.12.2022 ж	Сарсенбаев Есенбай Төлеуұлы	Құмкент	5	Суармалы егістік
10	31.03.2023 жыл Е-өтініш	Маликов Қанат Докторұлы	Шу	530	Жайылым
11	11.09.2023 №2023-01754057	Абилдаев Талғат Коспанович	Сызған	330	Жайылым
12	07.03.2024 Е-өтініш	Момбаев Кенжехан Маханбетович	Шолаққорған	1700	Жайылым
13	23.07.2024 ж №107	Қиясов Жанболат Жаңбырбайұлы	Қаратау	1100	Жайылым
14	28.02.2025 ЗТ-00678263	Қаратау ауылдық округі әкімі аппараты	Шолаққорған	5	Балық шаруашылығы
15	12.12.2025 №06284537	Бейсенбиев Дәулет Файнибекұлы	Қаратау	100	Жайылым
16	Е-өтініш	Асқарбек Қайрат	Тасты	1150	Жайылым
17	09.11.2020 №5937	Тасты а/о Ұсыныс Бименов Бөрібай Қасқырбайұлы	Шу	1000	Жайылым
18	21.11.2024 ЖТ-06039796	Кәрібаева Үрлұш Төкенқызы	Тасты	1000	Жайылым
19	21.11.2024 ЖТ-06039843	Калмаганбетов Асхат Алханович	Құмкент	1646	Жайылым
20	12.03.2025 ЖТ-00823953	Уаков Керім Жолдибаевич	Созақ	3000	Жайылым
21	25.04.2023 жыл Е-өтініш	Үсенов Сакен	Шолаққорған	10	Суармалы
22	03.09.2022 жыл	Мұхымбекова Ханшайым	Жуантөбе	500	Жайылым
23	ЖТ-Ш-152 22.12.2021 жыл	Шоканов Адильхан Султанбаевич	Жартытөбе	12,5	Суармалы егістік
24	25.09.2024 ЖТ-05423938	Бейсехулов Азимхан Кенесович	Шолаққорған	50	Жайылым
25	10.01.2023 жыл	Түлеев Мадияр Калиевич	Қарақұр	610	Жайылым
26	02.02.2024 №40	Қарақұр а/ә Ұсыныс Жетібаева Роза Куанышқызы	Қарақұр	50	Жайылым
27	12.08.2024 ж 40-14-17/130	Қарақұр а.о Ұсыныс Кадирбаева Улбосын Керимбаевна	Қарақұр	50	Жайылым
28	12.08.2024 ж 40-14-17/130	Қарақұр а.о Ұсыныс Кадирбаева Улбосын Керимбаевна	Қаратау	3000	Жайылым
29	21.11.2024 ЖТ-06039882	Сейтқазы Төлеген Ганиұлы	Қарақұр	822	Жайылым
30	24.10.2023 №230-33/04-06/87	Қарақұр ауыл округі әкімдігі Ұсыныс Ибраим Данияр	Қаратау	800	Жайылым
31	№59 03.05.2024	Асқарбаев Саулебек Өзбекұлы	Қаратау	360	Жайылым
32	№59 03.05.2024	Асқарбаев Саулебек Өзбекұлы	Қаратау	306	Жайылым
33	№59 03.05.2024	Асқарбаев Саулебек Өзбекұлы	Жуантөбе	200	Жайылым
34	21.08.2024 ж ЖТ-2024-050743377	Бектай Ерлан Амангелдіұлы	Жуантөбе картасы беттесіп тұр	1000	Жайылым
35	12.11.2020 №6033	Жуантөбе а/ә Ұсыныс Касимов Кайрат Алханович	Жуантөбе	2	Суармалы егістік
36	ЖТ-Н-57 18.08.2021 жыл	Наханов Асхат Абіласанұлы	Жуантөбе	650	Жайылым
37	28.08.2020 №ЖТ-3-445	Зупарова Шамшат Тіркеуқызы	Жуантөбе	500	Жайылым
38	21.10.2022 ж	Шәріп Жора Сейтентұлы	Жуантөбе	500	Жайылым
39	18.06.2024 ж Е-Өтініш	Аптаева Асем Кайырбековна	Шу	500	Жайылым
40	08.11.2024 ЖТ-05928923	Алтынбек Әшімхан Ұқайшаұлы	Құмкент	130	Жайылым
41	14.10.2020 №ЖТА-537	Асанбекова Үміткүл Мырзахметқызы	Шолаққорған	10	Суармалы егістік
42		Серикбаев Айдос	Картасы өзгерді	5	Балық шаруашылығы
				25399,5 га	
Аудандық жер қатынастары бөлімі.					

2025 жылғы қаңтар-сәуірге Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2025 жылғы қаңтар-сәуір	2024 жылғы қаңтар-сәуір, % -бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2025 жылғы 1 сәуірге)	62 693	99,2
Туылғандар, адам	308	83,2
Өлгендер, адам	83	103,7
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	708	108,6
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	1 182	120,7
Еңбек рыногы және еңбекке қатысушылар		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2025 жылдың I тоқсаны	20 523	107,3
Бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы, теңге 2025 жылдың I тоқсаны	645 790	113,6
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	64 013,6	150,0
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	1 094 060	105,7
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	465 112	102,9
Экономикалық нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	285 062 319	116,4
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге (мамыр)	4 937,8	116,2
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	6 506,7	137,5
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	7 744	105,7
Қаржы жүнесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	877 318,4	170,9
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	263 145,2	145,7
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	470 780,2	135,7

¹⁾ 2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі деректер²⁾ 2024 жылғы IV-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін алу үшін қайда және қашан хабарласуға болады?

-БЖЗҚ-дан зейнет жасына толға байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақытылы хабарласуы қажет. Мұны зейнетжасына 10 күн қалғанда жасауға болады. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте өтініш берілген күн болып өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-да тіркелген күні есептеледі. Егер алушы зейнет жасына толғанға дейін ертерек жүгінген болса-зейнет жасына толған күнөтініш берілген күн болып есептеледі. Әсіресе, бюджеттен төлемдер алу үшін уақытылы жүгінген аса маңызды, себебі оны тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар негізінде еңбек өтілін тексеру қажет.

-БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар мүгедектік белгіленген жандарға қайда хабарласу қажет?

-Мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, eprf.kz сайтындағы не БЖЗҚ мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

БЖЗҚ-да мүгедектігі бар адамдар үшін үйінде/жұмыс орнында қызмет көрсету ұйымдастырылған. Бұл ретте алдын-ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқайда бармай-ақ алу мүмкіндігі тексеріледі.

-55 жасқа толған, олардың пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген тұлғаларға қайда хабарласу қажет?

-55 жасқа толған, олардың пайдасына жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген тұлғаларға міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері арнаулы әлеуметтік төлем тағайындау шеңберінде проактивті қызмет көрсету арқылы не жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ банк шоты туралы мәліметтерді ұсына отырып, Мемлекеттік корпорацияға өтінішпен жүгінген кезде тағайындалады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қоғам дертімен күресейік!

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан

келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың жұмысдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға

бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдетіп түседі.

**Рима ДАУРЕНБЕКОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК
Созақ аудандық аумақтық инспекция
басшысы.**

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бірбіріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдата-тыны анық. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен тұрашыл-

руден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай

да сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

дықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билермен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлкікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап бе-

жалғасын табады деген сөз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларын-

туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**М.РЫСБЕК,
ҚР АШМ ВБЖҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман-мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.**

Табиғатта тазалық сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тарл кессең, он тал ек»-деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көмегіміз тисін десек- орманымызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл

орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың керікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс. Сондықтан орман өртін болдырмауға сақадасай болғанымыз бәріміз үшін маңызды.

Бұл жұмыс тек орман қорықшысының ісі деп қарамауымыз керек. Оған барлығымыз жұмыла кірісуге тиіспіз.

**М.КЕМАЛОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің патолог инженері.**

Орманды өрттен қорғайық!

Өрт— абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі — ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітуден қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес

әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол жшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын өртіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

**Ж.АМАНГЕЛДІ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

Ел тарихында сүбелі үлесі бар Созақ-ынтымақ пен бірліктің, қаймағы бұзылмаған қазақылықтың, татулығы жарасқан еңбекқор елдің қасиетті ордасы, өнер мен мәдениеттің, әдебиеттің киелі ұясы десек, аудан тарихының мөлдір бастауында қарапайым еңбек адамдарының ерең еңбектері тұрады. Тарихты еңбек адамы жасайды деген. Соғыстан кейінгі жылдары ел нәубеттен есін жиып, етек жөнің қымтап, еңсесін көтере бастады. Қажыған елдің рухын көтеретін рухани сала да ілгерілеп, мәдениет ошақтары жандана түсті. 1943 жылы Қызыл отау негізінде құрылған аудандық кітапхананың елуінші жылдары кітап қоры да молайып, елге қызметі де бір ізге түсе бастаған еді. Шолаққорғандағы шағын ғимаратта халыққа қызмет көрсетіп жүрген үркердей топқа ауылдың жас келіні Ақбикеш Ібжанова қосылады. Соғыс жылдары колхозда есепші болып, ер азаматтары соғысқа аттанған үлкен әулеттің бас көтерері



әдебиет пен мәдениет қайраткерлері аудандық кітапхананың тұрақты оқырмандары еді.

Кітапхана қабырғасында білімін шыңдаған оқырмандар, бұл күндері арамызда жоқ аға буынжазушы, тарихшы, шежіреші, Созақ журналистикасының атасы атанған Есіркеп Өмірбеков, көрнекті қаламгер, ақын, аудармашы, тарихшы, бір өзі—бір әлем-Дулат Тұрантегі, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелері ақын, жазушы, шежіреші Ескермес Жақсымбетов, жазушы Сүлеймен Тәбризов, ақын Сағынтай Байділдаев, ақын-сазгер Жанғали Меймандосов, ақын Өскен Бөргазиев, ақын Ескермес Жақсымбетов, ақын, сазгер Қазбек Мыңжан, Қазақстанның Құрметті журналисі Есенбек Кенжеғараев, ақын Жеңіс Қарғабай, журналист-қаламгер Асқат Омаров сынды қаламгерлеріміздің есімдерін атай аламыз. Мыңжасар Асқаров, Өтеш Қырғызбаев, Тілеубек Ыбырайымұлы, Сабырбек Олжабаевтар да Созақ кітапхана-

ханаларының іргетасын қалаған алғашқы кітапханашылардың бірі Ақбикеш Ібжанова ұзақ жылдар аудандық кітапхана меңгерушісі қызметін жемісті атқарды, мәдениет бөлімінің кәсіподағының төрайымы болып қоғамдық өмірге белсене араласты. Білімі мен мәдениеті үйлескен парасаты мол жан ретінде елдің есінде есімі әлі күнге құрметпен аталады.

Есіркеп көкеміз бен Ақбикеш апамыз өмірге он екі перзент әкеліп тәрбиелеген. Үлкені—Меруерт, жоғары білімді инженер, көп жылдар бойы сол салада қызмет жасап, зейнеткерлікке шыққан (марқұм) Жолдасы—Пазылбек (марқұм), білікті инженер маман ретінде таңылған азамат еді. Екеуінің Гаухар атты қызы, Жасұлан атты немересі бар бұл күнде олардың орындарында. Меруерттен кейінгі Маржан (марқұм) жоғары білімді ұстаз еді, Нағима—жоғары білімді ұстаз мұғалім, білім беру саласының үздігі, Ы.Алтынсарин атындағы медаль иегері. Нағимадан кейінгі—Қалжан

Кітапхана ісіннің қарлығашы

боп асырап баққан қаршадай қыз қолхоздың жұмысын да атқарып, өзіне қарап ауызын ашқан бауырларында жетелеп, жеткізуге қайыспай еңбектенеді. Өрімдей қыз тынымсыз еңбегімен колхоздың үздік еңбеккерлерінің қатарында есімі аталып, ауылдастарының құрметіне бөленеді.

1943жылы аудандық газеттің редакторы Есіркеп Өмірбековпен тағдыр қосады. Араға көп уақыт салмай аудандық кітапханаға жұмысқа тұрып, білімділігі мен табанды еңбекқорлығымен көзге түсіп, аудандық кітапхананың меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Ауылдағы жалғыз рухани ошақтың алдында сол кезеңдегі коммунистік партия қойған, қатал талапты орындау міндеттері тұрды. Партия қайда жұмсаса, қандай талап қойса тапсырмаларды бұлжытпай орындайтын уақытта кітапханашылар да әрбір тапсырманы жауапкершілікпен атқаратын. Мұнда да Ақбикеш Ібжанованың сауаттылығы, қолға алған іске жауапкершілікпен қарайтындығы орасан рөл атқарады. Дорбаға азын аулақ кітап, газеттерді салып алып, ауылдарды, шопандар мен шөпшілер қостарына клуб қызметкерлерімен бірге аралап шығатын кітапханашылар. Уақыт өте келе аядай кітапхана қанатын кенге жаяды. Ауылдарда кітапханалық пункттер ашыла бастайды, олардың жұмысын үйлестіру, жолға қою аудандық кітапханаға жүктеледі. Тынымсыз еңбекке толы айлар, жылдар жылжып кітапхана ісі өз аяғына тік тұрып, тек кітапханалық қызмет қана емес, аудан мәдениетінде өзіндік орны бар іргелі ошаққа айналады. Т.Бай-

мағанбетова, Г.Маханова, К.Исаева, Ш.Тоқбергенова және өзге де кітапханашылар аудандық кітапхана жұмысын ұршықтай үйірге мамандарбола біліп, ауылдық кітапханалардың әдіскерлік орталығына айналады. Кітап оқуға деген қызығушылық артып, оқырмандар саны көбейіп, кітаптың қадірі асқақтаған уақыт еді. Оқырмандары қатарында көрнекті қаламгерлер Т.Әлімқұлов, Б.Батырбекова,

рының оқырмандары. «Қазақ радиосының» ардагері Ғалым Есенсариев те Ақбикеш апаның оқырманы болдым деп, жылы лебіздерін айтып жүреді. Осы тұрғыдан алғанда кітапханашылар мектептен тыс білім беретін бірден бір оқу ордасы еді. Міне, Ақбикеш Ібжанова бастаған кітапханашылар қауымы өркениетке апарар жолдың бастауында тұрған, еңбектері ерең мәдениет сарбаздары еді. Созақ кітап-

ардагер-ұстаз. Қалжаннан кейінгі Еркін-инженер. Жұбайы Әсел-мұғалім еді. Сара Өмірбекова білікті ұстаз болса, Гүлнәр ҚР Жазушылар Одағының, Журналистер Одағының мүшесі, ақын, аудармашы. Абай өндіріс маманы, ол үйдегі қарашаңырақтағы келін Нұржамал мұнай саласының үздік қызметкері еді. Қазіргі келін Әсел «Қазатомпром» саласының үздігі. Шұғыла Өмірбекова Таукент елді мекеніндегі І.Кеңесбаев атындағы мектептің директоры қызметін ұзақ жылдар абыроймен атқарды. Жолдасы Бағдат өндірісте еңбек етуде. Шұғыладан кейінгі Ақмарал Төлеби ауданындағы сыйлы әулет-Тұрғынбековтердің келіні, балалар бақшасының меңгерушісі. Жолдасы Бейбіт ауылшаруашылығы саласында басшы қызметтерді абыроймен атқаруда. Аудандық мәслихаттың бірнеше шақырылым депутаты. Жұбайы Ләйла дәрігер. Өмірбековтер отбасының ұлы ұяда, қызы қияда, ғұмыр жолдары өнеге айнасы, тәрбиелі, білімді ұл-қыздардың ата аналары.

Есіркеп Өмірбековтей асылдың өмірлік жолдасы Ақбикеш Ібжанованың өмір жолы мен қызметтік жылдары таусылмас дас-танға өзек болар ұлағатқа толы. Ол кісінің жарқын бейнесі ел есінде ұзақ жылдар сақталып, тағылымды еңбек жолы ұрпақтан-ұрпаққа жетері сөзсіз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.



Созақтан шыққан бекзада атанған Асқар Сүлейменов, замандастары Ө.Исаев, Д.Тұрантегі, С.Абдуллаев, Ә.Қарауловтар кітапхананың талбалдырығын тоздырған кітапқұмарлар еді. Еліміздің өркендеуіне мол үлес қосқан танымал қоғам қайраткерлері, ғалымдар, спортшылар,

ханашылары облыстағы үздік кітапханалар қатарына қосылып, кітапхана ісін мықты жолға қоя білді. Жастайынан еңбекке араласқан Ақбикеш апа Созақ ауданының мәдениет саласының дамуына қомақты үлес қосқан еңбек ардагері атанып, зейнетке шығады. Аудан кітап-

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығын, ақпарат агенттігін және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3250 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.